

841208400639
87788884555

АБИЛДАЕВА Гульнар Сайлауовна,
Бақыт мектебінің директоры.
Шымкент қаласы

“БАҚЫТ” МЕКТЕБІ – БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР МЕКЕНІ

Балалық шақ – мөлдір бұлақ секілді. Егер оған мейірім мен білімнің тұнық суын құйсаң, ол өмір бойы сарқылмас дарияға айналады. Әр бала бақытты болуға лайық, ал сол бақыттың бастауы – мектеп. Себебі мектеп – тек білім ошағы ғана емес, арман қанат қағатын, жүрек мейірімге толатын, достықтың қадірі ұғынылатын қасиетті мекен.

Осындай алтын ұялардың бірі – “Бақыт” мектебі. Атауының өзі жүрекке жылулық сыйлап, үміт пен шаттықтың белгісіндей естіледі. Бұл мектептің табалдырығын аттаған әр бала өзін ерекше сезінеді. Себебі мұнда тек оқулықтар мен сабақ қана емес, қуанышқа толы сәттер, жаңа достар, ашылар сырлар, танылар таңғажайыптар бар.

“Бақыт” мектебінде таң шуағы күлімсіреген балалардың даусымен атысады. Мұғалімдердің жүрегі мейірімге, қамқорлыққа толы. Олар әр баланы бауырына басып, тек білім нәрін себумен шектелмейді, олар болашаққа сенімді, қайсар, өзіне сенімді тұлға қалыптастыруға күш салады.

Бұл мектептің сыныптары – білім мен қиялға толы ертегілер әлемі. Бірі математикамен ғаламның сырын ашса, бірі әдебиет әлеміне бойлап, сөздің сиқырын сезінеді. Бірі сурет салып, қиялын қағазға түсірсе, бірі музыкамен жанын тербейді. Мұнда әр бала өзін тапқандай, өз орнын дәл тапқандай сезінеді.

Шын бақыт – баланың жүзіндегі күлкіде, жүрегіндегі сенімде, жанындағы жылылықта. “Бақыт” мектебі – сол шынайы қуаныштың ордасы. Мұнда әр бала өз өмірінің ең бақытты шақтарын өткізіп, жарқын болашаққа қанат қағады.

“Бақыт” мектебі – бұл тек білім мекені емес, бұл – балалар арманының ұясы, бақыттың бесігі!